



IQAA

**НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ КАЧЕСТВА В ОБРАЗОВАНИИ - IQAA**

**ОТЧЕТ
ПО ВНЕШНЕМУ АУДИТУ (ВНЕШНЕЙ ОЦЕНКЕ)
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ М.АУЭЗОВА**

**БАКАЛАВРИАТ: Иностранная филология: узбекский язык
6B02331**

Нур-Султан, 2022

ЭКСПЕРТНАЯ ГРУППА



Абзулдинова Гульсум Кенжебековна

Руководитель группы

Кандидат филологических наук, доцент, руководитель кафедры русского языка и литературы, Павлодарский педагогический университет, г. Павлодар



Гусейнова Иннара Али кызы

Международный эксперт

доктор филологических наук, доцент, проректор по научной работе, Московский государственный лингвистический университет, г. Москва



Нурбек Муратбек Анарбаевич

Эксперт


Заведующий кафедрой «Казахский язык и литература», и.о. ассоциированного профессора, PhD, Университет Сырдария, г. Жетысай



Югай Андрей Борисович

Представитель работодателей

Руководитель языкового учебного центра Revolution, г. Шымкент



Тимирова Карина Дуниядаровна

Представитель студентов

Студентка 3-го курса, «Русский язык и литература», Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, г. Шымкент

КООРДИНАТОР НАОКО

Джигитчиева Карлыгаш Мухареденовна, Координатор экспертной группы, Независимое агентства по обеспечению качества в образовании

Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности.

**УРОВЕНЬ СООТВЕТСТВИЯ ОТЧЕТА ПО САМООЦЕНКЕ
ФАКТИЧЕСКОМУ СОСТОЯНИЮ ДЕЛ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ
ПРОГРАММЫ 6B02331 Иностранная филология: узбекский язык
ПО КАЖДОМУ СТАНДАРТУ**

| Стандарты | Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в вузе для каждого стандарта | | | |
|--|--|---------------------------|------------------------|----------------|
| | Полное соответствие | Значительное соответствие | Частичное соответствие | Несоответствие |
| <i>Стандарт 1</i> Политика в области обеспечения качества и академическая честность | + | | | |
| <i>Стандарт 2</i> Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией | + | | | |
| <i>Стандарт 3</i> Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка | + | | | |
| <i>Стандарт 4</i> Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация | + | | | |
| <i>Стандарт 5</i> Профессорско-преподавательский состав | | + | | |
| <i>Стандарт 6</i> Учебные ресурсы и поддержка студентов | + | | | |
| <i>Стандарт 7</i> Информирование общественности | + | | | |

ГЛАВА 1

КОНТЕКСТ И ЦЕЛИ ВИЗИТА

Внешний визит экспертной группы в рамках процедуры специализированной аккредитации Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова проходил с 28 по 29 марта 2022 г.

Внешний аудит проходил в соответствии с программой, разработанной НАОКО и согласованной с руководством университета. Все необходимые для работы материалы (программа визита, отчет по самооценке образовательных программ университета, Руководство по организации и проведению внешней оценки для процедуры специализированной аккредитации) были представлены членам экспертной группы до начала визита в организацию образования, что обеспечило возможность своевременно подготовиться к процедуре внешней оценки.

Встреча с руководством университета дала возможность команде экспертов получить общую характеристику университета, достижения последних лет и перспективы развития образовательных программ и вуза в целом.

Запланированные мероприятия по внешнему визиту способствовали более подробному ознакомлению со структурой университета, ее материально-технической базой, профессорско-преподавательским составом кафедр, студентами, выпускниками, работодателями университета и позволили внешним экспертам провести независимую оценку соответствия данных отчета по самооценке образовательных программ фактическому состоянию дел в учебном заведении.

Отчет по самооценке образовательных программ университета содержит большой объем информации, где проанализированы все сферы деятельности университета и структурных подразделений в соответствии со стандартами специализированной аккредитации, определены сильные и слабые стороны, выявлены угрозы и возможности для дальнейшего развития.

Визуальный осмотр проводился с целью получения общего представления об организации учебного, научного и методического процессов, материально-технической и учебно-лабораторной базе, определения ее соответствия стандартам, а также для контактов с обучающимися и сотрудниками на их рабочих местах. Экспертами был проведен осмотр кафедр, отделов и центров, ЦОС, библиотека, медпункт и физико-терапевтический кабинет, НИИ, спортивный зал, летняя б спортивная площадка и тренажерные кабинеты для студентов с проблемами здоровья и др.

В процессе проведения внешнего аудита эксперты проводили изучение документации кафедр и выборочное посещение учебных занятий по направлениям аккредитуемых программ с целью более детального ознакомления с документооборотом, учебно-методическим и материально-техническим обеспечением.

Основные характеристики вуза

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (бұдан әрі - ОҚУ) – Қазақстан Республикасының ірі көпсалалы университеті, өңірдің ғылыми-білім беру, зияткерлік, мәдени орталығы. Университетте өңір, республика және әлемдік кеңістік экономикасының, ғылымы мен мәдениетінің барлық секторлары үшін мамандар даярланады. AuezovUniversity республиканың жоғары білім беру саласының ең жарқын брендтерінің бірі болып табылады және өз қызметін ғылым мен білім беру саласындағы мемлекеттік саясат, жоғары білім беруді дамытудағы қарқынды өзгеріп отыратын жаһандық трендтерді ескере отырып, инновациялық және жастар саясаты қағидаттарына сәйкес жүзеге асырады.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті – 3 деңгейлі жүйе бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын Қазақстандағы ең ірі көп салалы жоғары оқу орны: бакалавриат, магистратура, докторантура.

Өткен жылы ЖОО жалпы рейтинг бойынша Қазақстанда құрметті үшінші орынды, сондай-ақ жеңіп алған гранттар саны бойынша үшінші орынды иеленді. Қазіргі таңда университетте 1500-ден астам оқытушы педагогикалық қызметпен айналысады, оның ішінде 4 ҚР ҰҒА академигі, 4 ҚР ҰҒА академигі, 123 ғылым докторы, 600 ғылым кандидаты бар. Оқу процесіне практикалық жұмыс тәжірибесі бар үздік ғалымдар мен мамандар, алыс және жақын шет елдердің, оның ішінде АҚШ, Германия, Испания, Бельгия, Ресейдің жетекші ғалымдары тартылды. Университеттің материалдық-техникалық базасы қазіргі заманғы үлгідегі он оқу ғимаратынан, екі спорт кешенінен, алты студенттік жатақханадан тұрады.

Рейтингтердегі университет позицияларын күшейту үрдісі ЖОО-ның білім беру, зерттеу және халықаралық қызметіндегі оң нәтижелерді, сондай-ақ ЖОО-ның жоғары беделі мен оның серпінді дамуын айғақтайды.

Университетте ИСО 9001-2015 халықаралық стандарттарының талаптарына және тиісті мемлекеттік білім стандарттарына сәйкес, жоғары кәсіптік білімнің білім беру қызметтерінің сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) құрылды және жүзеге асырылуда. Университет жоғары оқу орнына дейінгі,



жоғары кәсіптік, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша кәсіптік білім бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға, ғылыми зерттеулер мен инновациялық қызметті жүргізуге қатысты сапа менеджменті жүйесінің сәйкестік сертификатына ие.

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ШЖҚ РМК заңды және дәйекті мекенжайы:

160012, Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5

Телефоны: 8 (725)2 210141

Факс: 8(725)2 210141

Ресми сайты: www.auezov.edu.kz

2 ТАРАУ

КІРІСПЕ

6B02331 «Шетел филологиясы: өзбек тілі» білім беру бағдарламасының өзін-өзі бағалау есебі келесі нормативті-құқықтық құжаттардың негізінде жазылған: Қазақстан Республикасының білім жөніндегі Заңы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 04.07.2018 ж. жағдайы бойынша); Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылдың 30 қазанындағы №595 қаулысымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелері (Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 2018 жылдың 31 қазанында №17657 тіркелген); Қазақстан Республикасы БЖҒМ 2018 жылғы 31 қазанындағы №604 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты; Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру Ережелері (Қазақстан Республикасы БЖҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген) (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 12.10.2018 ж. №563 жағдайы бойынша); Қазақстан Республикасы БЖҒМ 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығымен бекітілген (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 29.09.2018 ж. № 521 жағдайы бойынша) іс-тәжірибені ұйымдастыру мен өткізу, іс-тәжірибе базасы ретіндегі ұйымды анықтау Ережелері.

Қоғамдық жаһандану мен бәсекелестіктің күшеюіне байланысты қазіргі күнде табысқа жетудің басты өлшемдерінің бірі ЖОО арасындағы рейтинг пен аккредитациядан өту болып табылады.

6B02331 – «Шетел филологиясы: өзбек тілі» білім беру бағдарламасы бойынша маман даярлау ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының 23.07.2020.ж. (№313 бұйрығы) KZ09LAA00018469 номерлі мемлекеттік лицензиясы негізінде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және университеттің миссиясы, мақсаттары мен міндеттері, сондай-ақ стратегиялық даму жоспарына, Қазақстан Республикасы және Түркістан облысының динамикалық дамуына әсер етуші мәдениет және өнер, білім, экономика, құқық саласына қажетті, Болон декларациясының принциптеріне сәйкес жүзеге асырылуда.

6B02331 – «Шетел филологиясы: өзбек тілі» білім беру бағдарламасы бойынша күндізгі оқыту түрі бойынша оқыту мерзімі 4 және 3 жылды құрайды. Сырттай оқыту бойынша оқыту мерзімі (қашықтықтан оқыту технологиясы) орта кәсіби білім базасында және жоғары педагогикалық емес білім базасында 3 жылды құрайды, жоғары кәсіби білім базасында 2 жылды құрайды.

Білім беру бағдарламаларының стратегиялық менеджменті мамандық бойынша білім берудің барлық үдерісін қамтиды және бағдарламаның ұзақ мерзімді жетістігіне әрі тұрақты болуына бағытталған. ББ қоғам мен еңбек нарығы сұраныстарына орай қайта қаралып тұрады. Бағдарлама

мақсаттарының тиімділігін тәжірибе базалары, жұмыспен қамтамасыз ететін аймақтық ұйымдармен өзара келісім негізінде енгізілген элективті пәндер қатары және түлектердің қорытынды бағалары дәлелдейді.

Мамандарды даярлау барысында білім беру бағдарламаларын тұтынушылардың талаптары, студенттердің басқару үдерісіне араласуы, білім беру бағдарламасын жүйелі түрде іске асыру, білім сапасын үнемі арттырып отыру негізге алынады. ББ-ны жетілдіруге және сапасын арттыруға, білім алушылар мен жұмыс берушілердің талап-тілектеріне назар аударуға айрықша көңіл бөлінеді. Білім алушылардың ПОҚ ұсынған пәндерді ғылыми-шығармашылық бейімділігіне, қызығушылық бағыттарына қарай еркін таңдауларына толық мүмкіндік бар. Сонымен қатар оқитын пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін және анықтамалық сипаттағы т.б. материалдарды, іс-тәжірибеден өту барысында жасалатын жұмыс жөніндегі нұсқаулық материалдарды, сондай-ақ электронды кітапхана ресурстарын пайдалануға, өз беттерінше ізденуге, оқытушылармен еркін пікір алмасуға, яғни оқытушылардың ғылыми әрі педагогикалық әлеуетін тиімді пайдалануға толыққанды жағдай жасалған.

Білім беру бағдарламасын одан әрі дамыту және жұмыс берушілердің негізгі талаптарын орындау мақсатында білім беруді іске асыруды жоспарлау және оны жүзеге асыруға қажетті ресурстарды бөлу ОҚУ-дың Стратегиялық даму жоспарына сәйкес орындалады.

Сарапшылар тарапынан бағдарламаның құрылымын, мазмұнын, мақсат-міндеттері мен миссиясын, ПОҚ біліктілігі мен студенттер білімінің нәтижелілігін, материалдық-техникалық базасын, жұмыс берушілермен, практика базасымен байланысты қамтыған ББ – ның құжаттарына сараптама жүргізілген.

ЖОО басшыларымен, декан, кафедра меңгерушілерімен, профессор-оқытушы құрамымен, студенттермен, түлектермен және жұмыс берушілермен сұхбат жүргізілді. Сұхбат нәтижесінде жалпы 6B02331 – «Шетел филологиясы: өзбек тілі» білім беру бағдарламасының жүзеге асырылуына қанағаттану деңгейі байқалды.

Аудит кезінде жалпы оқу корпусы, кітапхана қоры, жатақхана, іс-тәжірибе базасы, асхана, спорт зал, медпункт, тіркеу бөлімі, ғылыми-зерттеу институты, оқу аудиториялары, кафедра, қызмет көрсетуші бөлімдер қаралып шықты. Мамандықты даярлаушы ПОҚ-тың жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейі, материалдық-техникалық база, кітапхана қоры мен ақпараттық қор маман дайындауға мүмкіндік береді.

6B02331 – «Шетел филологиясы: өзбек тілі» білім беру бағдарламасын 2 ғылым кандидаты, 1 PhD, 1 аға оқытушы, 2 магистр-оқытушы жүзеге асырады. ПОҚ-тың ғылыми әлеуеті – 50% құрайды.

Стандарт 1. Білім беру бағдарламасының мақсаты және сапамен қамтамасыздандыру саласындағы саясат

Дәлелдеу және талдау:

6B02331 «Шетел филологиясы: өзбек тілі» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр дайындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, университет миссиясы, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылып жатқандығына ББ құжаттарымен, университеттің стратегиялық жоспарымен танысу барысында және аудит кезінде көзіміз жетті.

Білім беру бағдарламасы аясында тіл мен әдебиеттің жаңа парадигмаларын дамытатын, Қазақстанның ғылым және білім беру орталықтарында заманауи зерттеулер жүргізуге ықпал ететін, сонымен бірге өз жұмыс нәтижесі үшін қоғам мен мемлекет алдында жауапкершілігін терең түсінетін мамандандырылған мамандар даярлау жоспарланғаны және сол бағытта жұмыстар атқарылып жатқандығы аудит барысында расталды.

6B02331 «Шетел филологиясы: өзбек тілі» мамандығы бойынша бакалавриат білім беру бағдарламасы ғылыми, теориялық, кәсіби, әлеуметтік-экономикалық құзыреттіліктерге бағытталған тәжірибелік талаптарға сай құрылған. Білім беру бағдарламасы кредиттік-модульдік жүйе арқылы жүзеге асырылады.

Жұмыс берушілермен сұхбат жүргізу және өзін-өзі бағалау есебімен танысу барысында Қазақстан Республикасы және Түркістан облысының динамикалық дамуына әсер етуші мәдениет және өнер, білім, экономика, құқық саласына қажетті, Болон декларациясының принциптеріне сәйкес кәсіби құзыреттілігі жоғары мамандар дайындалып жатқандығы анықталды. Сондай-ақ, жұмыс берушілер ББ жобалау мен іске асыруға тікелей қатысатындығы, АҚ отырыстарында ББ, пәндердің оқу бағдарламалары мен кәсіптік практика бағдарламаларының мазмұнына өз ұсыныстарын енгізетіндігі анықталды. Бұдан басқа, Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті орталығы түлектердің дайындығына қанағаттану тұрғысынан жұмыс берушілер арасында сауалнамалар жүргізіліп, оның нәтижелері ББ әзірлеу және жаңарту кезінде ескерілетіндігі дәлелденді.

Университетте сапамен қамтамасыздандыру саясаты жоспарлы түрде іске асырылатындығы ректор, проректорлармен жүргізілген сұхбат, оқу-жұмыс жоспары мен пәннің оқу бағдарламалары, шығарушы кафедраның хаттамалары мамандарды даярлау сапасына үнемі көңіл бөлінетіндігін және осы бағытта әртүрлі іс-шаралар атқарылатындығын дәлелдейді.

Әкімшілікпен, бөлім басшыларымен, профессор-оқытушы құрамымен, студенттермен сұхбат барысында байқалғаны, олардың білім беру бағдарламасының мақсаты мен сапамен қамтамасыздандыру саясатын айқындауға қатысатындығы.

ББ мақсатының тиімділігін бағалау үнемі талқыланып отыратындығы факультет кеңесі және кафедра мәжілісі хаттамаларында көрініс тапқан.

Оқу пәндерін оқыту филология ғылымы мен практикасы саласындағы қазіргі заманғы жетістіктер негізінде, сондай-ақ Құзыретті тәсілге сәйкес білім бағдарламаларын құруды және оқытудың белсенді әдістерін енгізуді көздейтін қазіргі заманғы білім беру технологиялары негізінде құрылған. 6B02331 – «Шетел филологиясы: өзбек тілі» білім бағдарламасы бойынша жұмыс берушілердің ұсынысымен еңбек нарығының қажеттіліктерін, жұмыс берушілердің жас мамандардан күткен нәтижелерін және білім алушылардың жеке мүдделерін ескере отырып, «Іскерлік хат-хабар тілі» және «Эпистолярлық жанр тілі» сияқты пәндер жаңартылған және енгізілген, сондай-ақ М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің озық заманауи тәжірибелері негізінде (QS 78) «Сөйлеу мәдениетінің теориясы мен практикасы» пәні енгізілген. Енгізу актілері кафедрада жинақталған.

Кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысы инновациялық бағытқа ие және филология саласындағы зерттеулерге арналған. Студенттерді оқыту кафедрада жүргізілетін ғылыми зерттеулермен тығыз байланысты.

Кафедралар облыс мектептерімен бірлесіп А. Байтұрсынов атындағы №50, Фуркат атындағы №37, Қазыбек би атындағы №36, А. Сейдінбек атындағы №80 ІТ мектеп-лицейінде кадрларды бірлесіп даярлау бойынша оқу-ғылыми-білім беру кешенін (ОҒБК) құрған. ОҒБК базасында білім алушыларға кәсіби қызметтің практикалық тәжірибесін алуға нақты мүмкіндіктер берілген.

Академиялық адалдықты қолдау бойынша негізгі шаралар, сондай-ақ академиялық алаяқтыққа қарсы негізгі ережелер М. Әуезов атындағы ОҚУ-дың барлық нормативтік құжаттарында (Академиялық саясат, Академиялық адалдық ережелері, Әдеп кодексі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт) қарастырылғандығын университет сайтымен танысу барысында көз жеткіздік.

Сәйкестік деңгейі - толық сәйкестік.

Стандарт 2. Білім беру бағдарламасын әзірлеу, бекіту және ақпаратты басқару

Дәлелдеу және талдау:

6B02331 «Шетел филологиясы: өзбек тілі» ББ мақсаттары мен міндеттері білім берудің мүмкіндіктері мен даралануының теңдігін қамтамасыз ету қағидаттары негізінде филология саласында – зерттеу қызметін, бұқаралық коммуникация саласында-коммуникативтік – шығармашылық, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту саласында – білім беру қызметін қамтитын кәсіби қызметті ұйымдастыру үшін студенттің өмір бойы жеке және кәсіби қасиеттерін дамытуды қамтамасыз ететін әмбебап, пәндік құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

ББ эзирлеуде жұмыс берушілер мен білім алушылардың пікірлері мен ұсыныстарына негізделген. ББ-ны жұмыс берушілердің сұраныстары мен еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып бірлесіп эзирлеу, сондай-ақ түлектерді жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау университетке ұйым қызметінің барлық түрлерінің артықшылықтары мен проблемаларын анықтауға және сол арқылы элективті пәндер каталогын эзирлеуге, сондай-ақ қазіргі заманғы жағдайларда ғылыммен және практикамен интеграциялау арқылы білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік берілген.

6B02331 – «Шетел филологиясы: өзбек тілі» ББ эзирлеуде "Қазақ тілі мен әдебиеті" кафедрасының қызметкерлерінен басқа Отырар "Собкор" ЖШС телеарнасының директоры Джумакулова Әйгерім Абдиохаповна, Фуркат атындағы № 37 директоры Байбосынова Гаухар Сманқызы және ФИ-18-6к тобының студенті Абдуллаева Умида Закиржановна қатыстырылған.

6B02331 – «Шетел филологиясы: өзбек тілі» мамандығының бакалаврлары, "Қазақ тілі мен әдебиеті" кафедрасының оқытушылары, оқу-көмекші қызметкерлері университеттің миссиясы мен мақсаттарын, ББ мақсаттары мен міндеттерін эзирлеу және талқылау процесіне тартылған.

ББ модульдері мен курстарының мазмұны кредиттік оқыту технологиясының талаптарына сәйкес келеді. 6B02331 – «Шетел филологиясы: өзбек тілі» білім беру бағдарламасында жүргізілетін пәндер тізімі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарына сәйкес 3 модульден тұрады: жалпы білімдік модуль (ЖБМ); базалық модуль (БМ); кәсіптендіру модулі (КМ).

Білім беру пәндерінің циклі міндетті компоненттің 51 кредитінен және жоғары оқу орны компонентінің 5 кредитінен тұрады. 112 кредит көлеміндегі базалық пәндер және 60 кредит көлеміндегі бейіндік пәндер циклі ЖОО компоненті мен таңдау компонентінің пәндерін қамтиды. Қорытынды аттестаттау жоғары білімнің білім бағдарламасының жалпы көлемінде 12 академиялық кредитті құрайды және дипломдық жұмысты немесе дипломдық жобаны жазу және қорғау нысанында өткізіледі. Кейбір санаттағы адамдар үшін дипломдық жұмыстың немесе дипломдық жобаның орнына МЖМБС негізінде екі кешенді емтихан тапсырылады.

Кафедраларда практиканың барлық түрлерін ұйымдастыру және өткізу үшін, практиканың негізгі базаларымен үйлесетін эзирленген практика бағдарламалары, сондай-ақ практика бойынша тапсырмаларды орындау бойынша оқу-әдістемелік ұсынымдар берілген. Кәсіби практика бағдарламасы мезгіл-мезгіл жаңартылып отырған және ғылым мен техниканың заманауи жетістіктері, практика негізінде қолданылатын инновациялық технологиялар көрсетілген.

6B02331 – «Шетел филологиясы: өзбек тілі» ББ оқу жұмыс жоспарлары пәнді оқудың бірізділігін, студенттің оқу жұмысының біркелкілігі тұрғысынан семестрлер бойынша пәндердің ұтымды бөлінуін қамтамасыз етеді.

Студенттердің кәсіби практикадан өтуі 6B02331 – «Шетел филологиясы: өзбек тілі» ББ бойынша оқытудың міндетті элементі болып табылады. ББ практиканың келесі түрлерін қарастырады: оқу практикасы, өндірістік және дипломалды немесе өндірістік практика.

Мамандықтың оқу-әдістемелік кешендері (МОӘК) талапқа сай құрастырылған. Пәндердің оқу-әдістемелік кешендері (ПОӘК) толық дайындалған және студенттерге қолжетімді. Барлық оқу-әдістемелік материалдар мен дәрістердің электрондық нұсқалары, электрондық оқулықтар, тест жинақтары университет кітапханасында жинақталған. Электронды кітапхана ресурстарын пайдалануға, СОӘЖ уақытында оқытушылармен еркін пікір алмасуға толыққанды жағдай жасалынған.

Кафедралар оқу жұмыс жоспарларын үлгілік оқу жоспарына (ҮОЖ), ҚР МЖМБС және элективті пәндер каталогына (ЭПК) сәйкес оқыту тілінде әзірлеген.

Элективті пәндердің тізімі мен мазмұнын кафедра дербес анықтайды, бұл еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, болашақ мамандарды даярлауға мүмкіндік береді. Бұл элективті пәндер каталогын дербес, жедел, икемді және жан-жақты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ЭПК көрсетілген курста оқытылатын әрбір элективті пәннің сипаттамасын, кредит коды мен санын береді. Пәннің сипаттамасында пререквизиттер, постреквизиттер, оқу мақсаты, қысқаша мазмұны, құзыреттіліктер берілген.

Университетте мониторинг рәсімін жасау әдістемесі, өлшем құралдары, білімді бағалау шкаласы мен ішкі нормативтері сәйкестендіріліп жасалған ағымдық үлгерім, оқу пәндерінің өткізілу сапасы және де білім алушылар мен жұмыс берушілердің білікті маман даярлауда берілген білімге қанағаттануына қатысты мониторинг өткізіліп отыратындығы бөлім басшыларымен сұхбаттасу кезінде анықталды.

Сәйкестік деңгейі - толық сәйкестік.

Стандарт 3. Студенттік орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау

Дәлелдеу және талдау:

Түлектермен сұхбаттасу барысында ББ бойынша оқуды табысты аяқтап, оқыту нәтижелеріне қол жеткізу түлектің негізгі және кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға ықпал еткендігі анықталды.

Білім алушылармен сұхбат кезінде олардың эдвайзердің көмегімен мамандықтың үлгілік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде өзінің оқыту траекториясын анықтап, жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) құратындықтары айғақталды.

Әрбір пән және/немесе модуль арқылы қалыптастырылатын оқыту нәтижелері 6B02331 – «Шетел филологиясы: өзбек тілі» ББ және силлабустарда сипатталған.

Оқытушылардың жұмыс тәжірибесінде оқытудың «төңкерілген сынып», пәнаралық және жобалық оқыту, ЖАОК, виртуалды зертханалар, дидактикалық инновациялық модельдер (топтық оқыту, бағдарламаланған оқыту, жеке оқыту технологиясы, коммуникативтік оқыту); пәнаралық оқыту, STEM-әдістеме, жобалық оқытуды өмірден алынған нақты мысалдарда қолдану, технологиялық процестер, уәждемесін арттыруға арналған құралдар (бейнелекциялар, мультимедиялық анимациялар/пакет) сияқты инновациялық әдістер кеңінен қолданыла бастаған. Бұл жағдайды «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, п.ғ.к., философия докторы (PhD) Мадалиев Ярмухаммат Худайбергеновичтің «Туркий халқлар Оғзаки ижодида Латифа жанри» атты дәрісіне қатысу барысында көз жеткіздік.

Оқу процесінде қолданылатын оқыту әдістері мен құралдары заманауи, тиімді және цифрлық мәдениеттің дамуын қолдайды.

Сабақтарда және білім алушылардың өзіндік жұмысында интерактивті тақталар, лицензиялық бағдарламалары орнатылған мамандандырылған және виртуалды зертханалар және басқа да мультимедиялық технологиялар белсенді пайдаланылады. Сонымен қатар жалпы блокта да, мамандандырылған блокта да оқыту кезінде ақпараттық-коммуникациялық құралдарды қолдануға мүмкіндік беретін бағдарламалық өнімдер пайдаланылады.

Жетекші оқытушылардың лекцияларының бейнекурстарын қамтитын цифрлық интерактивті білім беру ресурстарының базасы бар.

Оқу процесін ұйымдастыру жалпы жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған және студенттердің қажеттіліктеріне жауап береді, өйткені оқу процесіне оңтүстік өңірдің барлық құрылымдық бөлімшелері мен стейкхолдерлерін қоса алғанда, студенттерден бастап ректорға дейінгі ЖОО-ның барлық инстанциялары қатысады. 6B02331 – «Шетел филологиясы: өзбек тілі» білім бағдарламасында жүргізілетін студентке бағдарланған және студентке орталықтанған оқытуға бағытталған сабақ түрлері келесілерді қамтиды: лекциялар, практикалық сабақтар, СӨЖ, БӨЖ, консультациялар, практикалар, курстық, ғылыми мақалалар және дипломдық жұмыстарды жазу барысында студенттерге даярлау және консультация беру. Сонымен қатар эдвайзерлердің, кураторлардың жұмысы элективті пәндерді, жеке траекториялар мен жеке жоспарларды таңдау барысында және практиканың барлық түрлерін өту барысында оларды дұрыс бағытқа бағдарлау. Әрбір пәнді аяқтаған кезде, білім алушылар ББ-да сипатталған оқытудың белгілі бір нәтижелеріне қол жеткізеді. Сонымен қатар әрбір практикалық сабақ бұрын есепте келтірілген оқытудың әртүрлі әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған. Студенттер университеттің ақпараттық порталдары арқылы әр пәнді оқытудың жоспарланған нәтижесі туралы ақпарат алып отырады.

Студенттердің оқу жетістіктерін бағалау критерийлері бақылау мен аттестаттаудың әртүрлі нысандары – үлгерімді ағымдағы бақылау, білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттауы көзделеді, олардың кезеңділігі мен ұзақтығы оқу жоспарлары мен академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау нәтижелерін тануды қамтамасыз ету үшін, білімді бағалау балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша жүзеге асырылады.

ББ пәндері, курстары бойынша студенттердің оқу жетістіктерін есепке алуды және талдауды (ағымдағы және аралық бақылау) офис-тіркеуші жүргізеді. Барлық академиялық топтар бойынша абсолюттік үлгерім мен сапалық көрсеткіш анықталады, офис-тіркеуші студенттердің, академиялық топтардың, курстардың GPA деңгейі бойынша саралайды.

Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу тәртібін, пәндер бойынша рейтингтік бағаларды қою үшін студенттердің үлгерімін бағалаудың қолданыстағы әдістемесін көздейтін студенттердің білімін бағалау критерийлері мен әдістері туралы ақпарат университеттің академиялық саясатында, нұсқаулық-анықтамалықта, пәндер бойынша силлабустарда ұсынылған. Ақпараттандыру университеттің asu.ukgu.kz сайты арқылы, ақпараттық стендтердегі хабарландырулар мен ұсыныстар арқылы жүзеге асырылады.

Жоғары білікті маман даярлауда жоспарланған оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің маңызды аспектісі студенттерді ғылыми – зерттеу жұмысына тарту болып табылады, оның нәтижелері әртүрлі деңгейдегі басылымдарда ғылыми жарияланымдар түрінде, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу арқылы жүзеге асырылған. Есеп беру кезеңінде 6B02331 – «Шетел филологиясы: өзбек тілі» білім беру бағдарламасының студенттері әртүрлі республикалық және халықаралық конференцияларға қатысып, түрлі журналдарда мақалалар жариялаған.

Университеттегі академиялық ұтқырлық ішкі және сыртқы ұтқырлық, жазғы және қысқы мектептер арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі таңда М. Әуезов атындағы ОҚУ 25 жақын және алыс шет елдермен 158-ден астам шарттар мен келісімдерге ие. Қазақстанның 38 жоғары оқу орнымен және Германия, Австрия, Бельгия, Испания, Италия, Чехия, Польша, Литва, Латвия және басқа да елдердің 49 шетелдік жоғары оқу орнымен академиялық алмасу туралы келісімдер жүзеге асырылған.

2020 жылдың 20 қарашасы мен 25 желтоқсаны аралығында ОҚУ-дың 12 студенті РУДН-нің ағылшын тілінде ұйымдастырған «Волонтерлік. Көші-кон. Халықаралық байланыс» (онлайн форматта) Халықаралық күзгі мектебіне қатысқан. Оқуды бітірген студенттер РУДН-нің ресми сертификатына ие болған.

Сәйкестік деңгейі - толық сәйкестік.

Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау

Дәлелдеу және талдау:

Талапкерлерді қабылдау туралы ақпарат университеттің <https://auezov.edu.kz/rus> сайтында келтірілген.

Осы сайттағы «Оқуға түсу» блогында білім бағдарламаларының тізімі, шығармашылық емтихандарды қабылдау бағдарламалары мен критерийлері, оқуға түсудің үлгілік қағидалары, университет деректемелері және т. б. орналастырылған.

Университетте "Виртуалды қабылдау комиссиясы" бөлімшесі жұмыс істейді, мұнда осы бөлімшенің қызметкерлері <https://priem.auezov.edu.kz/> интернет-сайты арқылы талапкерлерден өтініштерді онлайн режимде қабылдайды.

Аудит жүргізу барысында: маркетинг және кәсіптік бағдарлау бөлімі жоғары оқу орнына түсу бойынша консультациялық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында, орта білім беретін мектептердің оқушыларымен онлайн (ZOOM платформасын қолдана отырып) және оффлайн режимде семинарлар, вебинарлар және шеберлік сыныптарын өткізілетіндігін; университетке студенттердің қажетті контингентін тарту үшін, оқу жылының басында өңірдегі мектептер мен колледждер бойынша талдау жүргізілетіндігін; олардың саны мен түлектер контингенті бойынша ақпарат жинау жүзеге асырылатындығын; жыл сайын университеттің қабылдау және кәсіптік бағдарлау жұмыстарының жоспарлары әзірленетіндігін; қабылдау бойынша ақпараттық анықтамалықтар және жоғары мектептер мен факультеттер бөлінісінде университеттің қызметі мен жетістіктері, құрылымдық бөлімшелер мен білім бағдарламалары туралы барлық ақпаратты қамтитын жарнамалық-таныстыру роликтері түрінде үлестірме материалдар дайындалатындығын; оқушыларға университетке түсу және білім бағдарламаларын таңдау бойынша кеңес беру үшін ZOOM интернет-платформасын және Instagram, Facebook, Twitter және т. б. әлеуметтік желілерді қолдана отырып, онлайн және оффлайн режимінде «Ашық есік күні» және т.б. тұрақты өткізіліп тұрғандығын; Қазақстан – Шымкент «Оңтүстік», Қазақстан – Тараз «Жамбыл», Қазақстан – Қызылорда «Қызылорда», «Отырар», «Айғақ» өңірлік телеарналарында ЖОО туралы ақпарат және университет басшылығының, департаменттер мен бөлімшелердің баяндамалары орналастырылғандығын анықтадық.

Сондай-ақ университетте ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін университеттің ғылыми-зерттеу институттары, орталықтары мен ғылыми зертханалары және кафедралардың оқу-зерттеу зертханалары базасында университет профессорлары мен оқытушыларының жетекшілігімен жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын тарта отырып, білім бағдарламаларының тиісті бағыттары бойынша ғылыми үйірмелер құрылған.

Оқуға ынталы неғұрлым дарынды және талантты талапкерлерді қабылдау үшін, жыл сайын пәндік олимпиадалар мен шығармашылық

конкурстар өткізілген, олардың нәтижелері бойынша жүлдегерлер мен жеңімпаздар іріктелген.

Бітірушілермен сұхбат барысында олармен білім сапасын көтеру мақсатында білім беру бағдарламасымен тұрақты байланыстың орнатылғандығын байқадық.

